

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

**ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ**

Филологиялық серия
1997 жылдан бастап шығады



**ВЕСТНИК
ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№ 1 (2025)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия

выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

О постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области филологии

Подписной индекс – 76132

<https://doi.org/10.48081/YVDX6427>

Бас редакторы – главный редактор

Жусупов Н. К.

д.ф.н., профессор

Заместитель главного редактора

Анесова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/KNDT2471>

***А. К. Дауткулова¹, М. С. Атабаева²,
Ж. К. Отарбекова³, Г. Ақтай⁴**

¹Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті,
Қазақстан Республикасы, Атырау қ.;

^{2,3}Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.;

⁴Адам Мицкевич атындағы университеті,
Польша Республикасы, Познань қ.

¹ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-1493-5953>

²ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-9455-6653>

³ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-8289-9050>

⁴ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-3258-6520>

*e-mail: sat.tom@mail.ru

ҚАЗАҚГИДРОНИМДЕРІНДЕГІ ХАЛЫҚТЫҚ МАГИЯ МЕН АНИМИСТІК НАНЫМДАР

Мақалада анимистік, магиялық және шамандық нанымдар бойынша қазақ халқының санасындағы киелі, қасиетті деген ұғым-түсініктер сумен де астасып жатқаны әулие, баба, ата, бала, Алла, шайтан сөздерімен тіркескен гидронимдер негізінде қарастырылды. Статистикалық талдау барысында әулие, баба, ата, бала, Алла ұғымдарымен байланысты киелілік, магиялық сипаты бар 98 өзен атауы анықталды. Шайтан сөзі өзен атауларында кездеспейді, көлмен, құдықпен, бұлақпен байланысты ғана айтылатыны белгілі болды.

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, әулиелік культімен байланысты гидронимдердің Қазақстанның әр түкпірінде бірдей кездесуі ислам дінінің бір орталықтан тарап, бір рухани қайнардан бастау алғанын көрсетеді. Мұндай «әулие» киелі таңбалаушы термині бар гидронимдердің семантикасында мифологиялық, киелі уәж бар, имплицитті түрде ол нақты және о дүниенің ара-жігін бөлетін шегараны көрсетеді. Баба, ата, бала тірек сөздерімен келген гидронимдер отбасы құндылықтарын танытса, шайтанмен байланысты атаулардың көптеп қойылу себебі

нысанның алыстығымен, жолы қиын, қауіптілігімен және ол жерді қору, табиғатын сақтап қалу үшін қорқыту, үркіту мақсатында қойылғаны анықталды. Аталған су нысандарының барлығы дерлік халықтың тіршілік ортасы мен ментальды болмысын танытады.

Кілтті сөздер: гидроним, сакральдылық, магиялық, лингвокогнитивтік, ментальдылық, табу, тәңіршілдік.

Кіріспе

Академик Ә.Қайдар археологтер мен геологтердің жер асты құпиясының кілтін ономастикалық материалдардан, соның ішінде топонимикадан іздегендерін айтады: «Ономастикалық материалдар, әсіресе топонимдер, археологтарды, геологтарды көптен бері қызықтырды және қызықтыруда, олар үшін бұл деректер жер асты құпияларының сенімді белгілері болып табылады» [1, 128-б.]. Ұлттық ономастиканың ерекшелігі оның қандай ұлт тіліне жататындығында ғана емес, сол ұлттың мәдениетімен, ментальды болмысымен байланыстылығында. Өйткені жер-су атауларының бойында қыруар ақпарат, тарихи-мәдени таным мен ұлттық мәдениет ізі сақталған. Әсіресе жер-су атауларын этномәдени аспектіде қарастыру оның этнографиямен, халықтың материалдық және рухани мәдениетімен байланысын, діни көзқарасы мен наным-сенімін, салт-дәстүрін, халықтың басқа да рухани және әлеуметтік өмір салтын танып-білуге мүмкіндік береді.

Халықтың магиялық және анимистік нанымдарының негізінде байырғы түркі заманынан бермен қарай қоршаған табиғатқа табынудан туындаған киелі жер-су атаулары Қазақстан территориясында да аз емес. Анимистік, магиялық және шамандық нанымдар бойынша қазақ халқының санасындағы киелі, қасиетті деген ұғым-түсініктер сумен де астасып жатқанына көз жеткіземіз. Киелі жалқы географиялық атауларға тек киелі оронимдер, киелі орындар мен табынатын, зиярат ететін жерлер, мазарлар, кесенелер, сағаналар ғана емес, киелі гидронимдер де – өзендер, көлдер, су көздері, құдықтар және т.б. географиялық атаулар жатады.

Материалдар мен әдістері

Зерттеу мәселесіне қатысты ұғымдар мен бағыттарды айқындау үшін қазақ жалқы есімдерін когнитивтік, лингвомәдени, семиотикалық, перцептивтік, психоаталымдық, прецеденттілік қасиеттерінің ұлттық мәдени сипаттары тұрғысынан зерттеген ғалымдардың (Ғ. Қ. Қоңқашпаев, Т. Жанұзақ, А. Абдрахманов, Е. Қойшыбаев, В. Н. Попова, О. А. Сұлтаньяев, Е. Ә. Керімбаев, В. У. Махпиров, Б. Бектасова, М. Қожанов, Г. Б. Мадиева, Қ. Рысберген, А. Жартыбаев, Ғ. Сағидолла, Б. М. Тілеубердиев т.б.) еңбектері мен зерттеулері пайдаланылды. Құрамы мен құрылысы, шығу тегі жағынан алуан түрлі атауларды ғылыми этимология мен халықтық

этимология тұрғысында жан-жақты зерттеген ғалым-ономаст Т. Жанұзақтың этимологиялық анықтамалығындағы екі мыңнан аса географиялық атаулардан гидронимдерге қатысты ақпарат сарапталып, кейбір гидронимдердің этимологиясы басқа тілдердегі әулиелік культімен салыстырмалы түрде түсіндірілді. Негізінен Қазақстан ономастарының зерттеулері антропонимдер мен топонимдерге, сонымен бірге этнонимдер, космонимдер, зоонимдерге бағытталған. Гидронимдерге қатысты В. Н. Попованың «Гидронимия Павлодарской области» (1966) және Г. Б. Мадиеваның «Гидронимия Восточного Казахстана» (1990) атты кандидаттық диссертациясын айтуға болады. «Ономастикалық материалдарды апелляция лексикамен бірге қолданып, қазақ тілін айқындау ХХ ғасырдың 30–50 жылдары белгілі қазақ лингвистері А. Байтұрсынұлы, Қ. Жұбанов, Ж. Досқараев, С. А. Аманжолов, А. Ысқақов, Ғ. Мұсабаев еңбектерінде қарастырылып, жеке топонимдер мен антропонимдерге этимологиялық этюдтер жазды» [2, 18-б.]. Зерттеу материалы ретінде *әулие*, *баба*, *ата*, *бала*, *Алла*, *шайтан* ұғымдарымен байланысты киелілік, сакральдылық, магиялық, діни сипаттағы Қазақстан гидронимдердері (өзен, көл, бұлақ, бастау, құдық атаулары) қарастырылды. Зерттеу барысында Қазақстанда осы аталған сөздермен келетін, ресми тізімге алынған өзендердің саны анықталды. Зерттеу мәселесіне қатысты ұғымдар мен бағыттарды айқындау үшін еңбектерді талдау, сараптау, жинақталған деректерге анализ және синтез жасау, когнитивтік талдау әдістері, статистикалық лингвистика әдістері қолданылды.

Нәтижелер және талқылау

Жер шары көлемі жағынан Аргентинадан кейінгі тоғызыншы орында тұрған Қазақстан территориясында 85 мың өзен (потамоним), 50 мыңға жуық көл (лимноним) аттары бар екен. Ғалымдар гидронимдерді отызға жуық лексика-семантикалық топқа бөліп қарастырады. Мәселен, адам аттарына, адамның өмір тіршілігіне, дене мүшелеріне қатысты соматикалық атаулар, «жақсы», «жаман» сөздерімен айтылатын атаулар, әшекей зат, матаға байланысты, жан-жануарлардың атына байланысты, өсімдік атауларына, түр-түске байланысты, судың дәміне, сапасына қатысты, өзеннің ағысына, пішіні мен көлеміне қатысты, қазба байлыққа қатысты, санға байланысты, белгілі тарихи оқиғаға қатысты, халықтық аңыз-әңгіме, діни-культтік, табу, сакральдылық мәндегі гидронимдер. Мұндағы сакральдылық мәндегі гидронимдер еліміздің барлық аймағында кездеседі. Павлодар облысындағы Әуликөл, Жетісу облысында Әулие, Әулиесу, Әулиесай, Ұлытау облысында Әулие, Әулиебұлақ гидронимдерінде «әулие», «әулиелік» культі басым болса, Намазкөл, Атасу, Бабаата, Шайтанкөл, Шайтанбұлақ, Шайтанқұдық, Алдабергенсай (өзен) гидронимдері «баба», «алла», «шайтан» сөздерімен тіркесіп қасиетті, құдіретті күшті сипаттайды. «Бұл сияқты қасиетті сулар әр

жерде кездеседі. Талдықорған облысындағы Әулиесу өзенінің бас жағындағы үлкен тақтай таста адамның намаз оқыған кезін танытатын екі алақаны, маңдайы, екі тізесінің таңбасы басылып қалған. Осыдан өзен Әулиесу аталған көрінеді [3, 84-б.]. Атаудың құрамындағы әулие сөзі арабтың «қасиетті, киелі адам, қыдыр» дегені. Бұл сөз Құран Кәрімде Алла мен пайғамбарға қатысты жебеуші, жарылқаушы мәнде кездеседі. Ал хадистерде жақын болу деген мағынада, яғни Аллаға жақын, дос, Алланың мейірі түскен деген ұғымда ұшырасады. Қазақта әулие-әнбие түрінде қосарланып та айтылып, қолданылады. «Мұндағы әнбие арабша «нәби» яғни пайғамбар деген сөздің көпше түрі». Дегенмен бұл қосарлы сөз халық танымында әулие деген мағынаны білдіреді.

Әуликөл – Қостанай облысындағы көл. Халық аңызында көл бір күнде аяқ астынан құрғап, жоқ болып кетіпті де, түнде қайтадан пайда болыпты. Содан соң оны Әуликөл атап кетіпті [4, 138-б.]. Көлдің бұлайша аталуы емдік, шипалық қасиеттеріне де байланысты болса керек. Әулие – лексикамызға араб тілінен енген, адам тағдырына ықпал жасай алатын «қасиетті, киелі жан» мағынасындағы сөз. Ауыспалы мағынада «ең қадірлі, таңдаулы, керемет» мәнін береді [5, 651-б.]. Осы өзара байланысты екі мағына табиғаттың ерекше әсем, үйлесімді жасалған нысандарына таңылып, діни ұғыммен Әулие гидронимін тудырған. «Әулие, Әуликөл, Әулиеағаш сияқты жерлер табынатын орынға айналып, ондай жерлерге оба тас үйіліп, ақтық байланатын болған. Бұл мұсылман дінінің үрдісі емес, жер-суға табынатын Тәңір дінінен қалған әдет-ғұрып» [6, 147-б.]. Әулие культінің орнығуына жергілікті халықтың табиғат нысандарына табыну жорасы (мысалы, көрікті тау-тас, сырлы үңгір, шипалы көл, бұлақ), шаманистік мифологиясы, әруақтарды ұлықтау рәсімдерімен үндесіп жатыр.

Қазақстан аумағында «ресми тізімге алынған өзен тауларының ішінде «әулие» сөзімен келетін – 26 өзен, «баба» сөзімен – 12 өзен, «ата» сөзімен – 14, «бала» сөзімен 40, «қыз» сөзімен 3, «Алла» сөзімен 3 өзен кездеседі екен». Ал ірілі-ұсақты бұлақ-бастаулар, құдықтар туралы мәліметтер толық жинақталмаған, негізінен, ел аузындағы аңыз-әңгімелерде сақталғандықтан, олардың нақты санын шығару қиын.

Қазақ даласындағы географиялық нысандардың пайда болуы туралы мифтерді шартты түрде екі топқа жіктеуге болады. Біріншісі – тау-тастың пайда болуы туралы мифтер, екіншісі – өзен-су, көлдердің пайда болуы туралы мифтер. Кейбір мифтерде тау-тас жаудың қуғын-сүргініне тап болған немесе күнәлі болып қарғысқа ұшыраған әйелдердің «тасқа айналу» мотивінен туындаса (Қырық қыз, Үшқыз, Шілтер әулие, Масат Ата, Азанұр әулие), түрлі қастандық салдарынан қаза тапқаннан кейін олардың денесінен (қанынан, ізінен) тау, тас, бұлақ (Укаша Ата, Шілтер әулие) пайда болған.

Мысалы, Шілтер деген әулие серіктерімен намаз оқып жатқанда жау қоршауында қалып, жаратушыдан өздерін тасқа айналдыруын тілеп, сол мезетте тасқа айналып, қатып қалыпты. Сол жер Қырық Шілтер әулиенің жері аталып, сонда үш бұлақ ағып жатыр екен. Үшеуінің дәмі де үш түрлі, біреуі іш ауруларына, екіншісі – көз, үшіншісі құлақ ауруларына дәру дейді. Түлкібас әулие түкіріп қалғанда он екі қарсыласы езіліп кетеді, сол жерде он екі бұлақ пайда болады [7, 197-б.]. Сол сияқты Укаша әулиенің (IX–X ғ.) қаза тапқанда домалаған басы жетіп тоқтаған жерде киелі құдық пайда болып, қабірінің қасынан көз жанарды емдейтін бұлақ ағып шығады. Аңыз бойынша Укаша ата Мұхаммед пайғамбардың сақабасы, мұсылмандардың әскери қолбасшысы болған. Шапса қылыш өтпейтін, атса оқ өтпейтін қасиет дарыған алып денелі, батыр болған. Заманындағы дін жаулары Укашаның басын намаз оқып отырған жерінде шауып түсіреді. Бас сүйегін қорламақ болғанда, жерге түскен бас домалап кетіп екі қырдан асып барып жер астына түсіп кетеді. Орында құдық пайда болады. Халық арасында құдық суы жер асты арқылы Меккедегі Зәм-зәм бұлағымен байланысады деген түсінік бар. Құдықтан су біреуге шығады, біреуге шықпайды. Халық шелек салғанда су шығатын болса, ол адамның зиараты, тілегі қабыл болды деп түсінеді. Бұл қасиетті сулар елді емдейтін, сауықтандыратын шипалы орынға айналған. Мұндай орындар Оңтүстік Қазақстан, Маңғыстау, Сыр бойында көптеп кездеседі. Мұның өзі өткен замандарда халықтың көп қоныстанған жерлері туралы ақпарат береді.

Ертедегі адамдар бұлақтардың пайда болуын Пайғамбардың атымен байланыстырады. Сол бұлаққа «пайғамбарлар тоқтапты, су ішіпті, сусын немесе ем керек болғандықтан, жер астынан шипалы су шығарыпты» деген аңыздар кездеседі. Мысалы, Қазығұрт аймағындағы Көктөбе бұлағы қасиетті, емдік шипасы бар су көзі болып саналады. Көктөбе бұлағы төңірегінде Ана бұлақ, *Ата бұлақ*, *Бала бұлақ*, *Қыз бұлақ* сынды бұлақтардың орналасуында да мифологиялық астар бар.

Діни әдебиеттерде, аңыздарда айтылатын қасиетті, қастерлі судың кәусар – «бейіштегі бұлақ», Әбілхаят суы, яғни өлместің суы, зәмзәм суы деп аталатын үш түрі бар. «Мифтік аңыз-әңгімелердің тағы бір тобы өзен, бұлақ көздерінің пайда болуы пайғамбарлардың, әулиелердің аса таяғы мен аяғы тиген жерлермен байланысты айтылады». Бұлар қасиетті сулар деп есептеледі. Діни аңыз-әңгімелерде Мұса пайғамбардың аса таяғы түрткен жерден бұлақтың көзі ашылады. Ысмайыл пайғамбардың Ажар (Хажар) ана құшағындағы сәби кезінде өкшесі батқан жерден Алла Тағаланың рақымшылығымен бұлақтың көзі ашылады. Елсіз шөл дала Мәруа мен Сафаның аралығында қалған ана мен бала сол бұлақтан сусындап, тірі

қалады. Бұлақ Зэмзэм деп аталады. Ажар ана бұлақтың жан-жағын таспен қоршап, баласымен сол маңды мекен етеді.

Осындай қасиетті сулар көршілес қалмық халқының қоғамдық санасының рухани саласымен байланысын бейнелейтін «Аршан», «цаган» және «хар» компоненттері бар қалмық жер атауларында да кездеседі. «Әдетте, олар ең ежелгі шыққан және қазіргі қалмақтардың ата-бабаларының діни нанымдары, әдет-ғұрыптары туралы құнды ақпарат береді. ... «аршан» компоненті бар 11 топоним табылды – *arsiyan, rasiyan* (санскр. *Raṣāyana*) – «өлместің суы; ғибадатханаларда тұтынылатын қасиетті су; минералды, емдік су» [8, 86-б.].

Америкалық ғалым Вильям Басктың көрсетуінше, американдықтардың мифтері мен аңыздары олардың су туралы түсініктерін, олардың өмірімен байланысын және суға қатысты мәселелерді шешуге тырысуын көрсетеді [9]. Осыған орай ғалым тұңғыш рет гидромифология терминін енгізген.

Испандық ғалымдар: «Судың бай және күрделі мәдени тарихы бізді оны біртұтас зерттеуге және мифтер Жер туралы ғылымдарды зерттеу үшін бере алатын барлық нәрсені зерттеуге итермелеуі керек. Білім мен парадигмалардың қиылысу саласы ретінде геоморфология мен гидромифология ұсынған кодты оқудың әрқашан жақсы нәтиже беруі оңай емес, бірақ біз мыңдаған жылдар бойы адамзат жинаған және тарихта жинақталған тәжірибеден бас тартпауымыз керек. Табиғат туралы аңыздарды және жалпы геологиялық және гидрологиялық мазмұндағы мифтерді жай ғана түрлі-түсті анекдоттар, жергілікті әңгімелер немесе туристік қызығушылықтар деп санауға болмайды, бірақ оларды ғылымда, сондай-ақ коммуникация мен білім беру саласында түсінуге және жұмыс істеуге болатын ойдан шығарылған материал ретінде түсіну керек, - деп көрсетеді [10]. Аталған еңбектерден ертедегі зерттеушілердің мифологиядан, археологиядан және шежірелерден гидрологиялық құбылыстардың себеп-салдарлық байланыстарын қалай қарастырғанын біле аламыз. Үміт пен қорқыныш діннің негізі болып табылады және су ресурстарын басқару алғаш рет дін арқылы жүзеге асырыла бастады. Ертедегі адамдар өздерінің су ресурстарын әртүрлі өркениеттерді дамыту үшін пайдаланды. Бұл алғашқы өркениеттердің пайда болуы гидрологиялық қана емес, құдайлар мен мифологияның рөлін жалғастырған табиғи немесе антропогендік гидрологиялық дағдарыстармен байланысты болды.

Әуелде мифтік наным-сенімге қатысты ырым-тыйымдар бірте-бірте қоғамдық қатынаста сумен байланысты этикалық нормалардың орнығуына негіз болды. Суды ысырап қылмау, бұлақты, өзенді қоқыспен былғамау, ағын суды бөгемеу, арнасын бұзбау т.б. тыйымдар, сондай-ақ бұлақтың көзін

ашу жұртшылық игілігі үшін сауапты іс делінеді. Өзен-сумен байланысты мифтик, этикалық, прагматикалық көзқараспен қатар этнос санасында эстетикалық таным-түсінік қалыптасқан. Халық жерді байлық, айды сұлулық, суды молшылық, жомарттықпен қатар тазалықтың символы деп таныған.

Сонымен қатар католик дініндегі елдерде «Әулие» дегенді білдіретін *сан, сант, санта, сент* терминдері бар көптеген жер-су атаулары кездеседі. Бұл туралы ғалым С. Н. Басик өз зерттеуінде:

«Католик елдерінде «Әулие» дегенді білдіретін сан, сант, санта, сент терминдері бар көптеген жер атаулары бар. Сонымен, Францияда осы терминдермен өте көп атаулар белгілі – Сент-Жермен, Сент-Жак, Сент-Мартин, Испанияда – Сантьяго, Англияда – Сент-Джордж және т.б. Олардың пайда болуы Орта ғасырларға жатады. Мұндай жер атаулары жаңа әлемге мигранттар ретінде ғана емес, басқа себептермен де келді: ашушылар олар үшін Жаңа объектілерді көбінесе ашылу болған әулиенің күнімен атады. Сол сияқты колонистер құрған жаңа қалаларға да осындай атаулар берілді. Нәтижесінде Сент-Лоуренс өзені мен шығанағы, Сан-Сальвадор, Сан-Хосе, Сан-Франциско жер атаулары және басқа да мыңдаған атаулар пайда болды» [11, 68-б.].

Әулие, әулиелік культіне қарама-қарсы сипаттағы *шайтан* компонентімен тіркескен гидронимдер де елімізде көптеп кездеседі. Қазақстанның ең әдемі, көрікті жерлерінің бірі Қарқаралыда Шайтанкөл бар. Көлдің адам білгісіз керемет сыры бар деседі. Бұғылы тауының шыңында орналасқан көлдің Шайтанкөл аталуы тегін емес. Себебі көлдің ортасы қап-қара болып, иірімденіп жатады. Мұны көрген адам көлге түсіп шомылуға жүрексінеді. Тағы бір қызығы, көлдің қарсы жақ жағалауларының арасының алыс еместігіне қарамастан, кейде келесі жағадағы адамдар көрінбейді. «Шайтан алып кетті ме, қайда кетті», – дегеннен «Шайтанкөл» атанып кеткен дейді. Бұл көлге қатысты халық аузында қалған төрт түрлі аңыз бар.

Шайтанкөл гидрониміндегі шайтан сөзі діни ұғыммен байланысты. «Шайтан діни мифологиялық санада адамзатқа зұлымдық жасап, алдап-арбап, оларды Алла Тағаланың тура жолынан тайдырушы жан иесі». Шайтан атаулының барлығы Ібілістен тарайды және соның бұйрығын орындайды. Шайтанды адастыру үшін тура атамай «Кертабан», «Шимұрын» деп түрліше атаған. «Албасты», «сайтан» сөздерімен синоним болып келеді. Жын-шайтанға толы деген сенімге байланысты қойылған. Албасты – халық ертегілері мен аңыздарындағы жын-перінің бір түрі. Бұл сөз кейін жексұрын, оңбаған деген мағынаға ие болған. *Алб* (палуан) деген сөз басты деген етістіктің бірігуінен жасалған болуы керек. *Алыб/алым* сөзінің төркіні түрік-моңғол тілдеріне ортақ «алу» етістігінен шығады. Алғашында *алба* (н) – қызмет, әскери қызмет деген мағынаны білдірген, кейіннен *алт* – батыл

деген мағынаны білдірген. Көне түркі тілінде алып – денелі, ұзын бойлы жігіт, батыр, шағатайша да солай. Ал чуваш, татар аңыздарында жын, періні «албасты» дейді [12, 228-б.]. Бұл сөз қазақ тіліне осы чуваш-татар арқылы алдыңғы моңғол тіліндегі мағынасымен ұласып ұзын бойлы жын, пері мағынасында енген секілді. «Ежелгі дәуір адамдары әр заттың, нәрсенің не жақсы, не жаман иесі бар деп түсінген. Сондықтан жақсы жақтағыларды құдай, періште, пайғамбар, әулие деп атап, жаман жақтағыларды шайтан, албасты, пері деп сенген» [13, 95-б.].

А. И. Левшин өз зерттеуінде «Олардың барлығында әлемді жаратқан ең биік жаратылыс туралы түсінік бар, бірақ олар Құран заңдары бойынша ғибадат егеді, басқалары исламизм ілімін ежелгі пұтқа табынушылықтың қалдықтарымен араластырады, ал басқалары ізгі Құдайдан басқа, адамдардың бақыты туралы өкініп, оларды хұдай деп атайды, зұлымдық рухы немесе шайтан, зұлымдықтың қайнар көзі» – дейді [14, 313-б.].

Шайтанкөл, Шайтанқұдық, Шайтанбұлақ қатарлы гидронимдер тылсым күш иесіне қатысты болып қана қоймай, халықтың үрейін де тудырған. Ғалымдар мұндай атауларды қоюдың бірнеше себебін түсіндіреді:

а) алыс, елсіз жердегі топонимдерге;

ә) жолы қиын, қауіпті нысандарға)

б) жерді қоры үшін, «шайтаны бар» деген лақап тарату мақсатында [6, 147-б.]. Яғни, табиғаты көрікті жерлерді сол қалпында сақтап қалу үшін де осындай атауларды берген екен.

Шайтан атауымен кездесетін гидроним тек Қазақстан территориясында ғана емес, көршілес Ресей елінде де Шайтанка, Шайтанское, Шайтан, Шайтан-Коба, Шайтанск, Шайтанка малая т.б. кеңінен танымал. Бұл атаулар халықтың үрейін тудыратын табиғат ескерткіштері ретінде көрініс тауып «қарғыс» мағынасындағы сипатқа ие болған. А. В. Виноградов Шайтанка өзені туралы: «Бұл жерде шайтандар пұттар, ал кішкентай шайтандар – оларға табынушылар, яғни пұтқа табынушылар, барлық жергілікті халықтар деп аталатыны белгілі. Т. А. Сироткинаның айтуынша, остяк, вогул ескі этнонимдерінен басқа, жергілікті диалектілерде самойедтер, шайтандар атаулары бар; «шайтандар» – бұл угор халықтары өкілдерінің танымал атауы» – деп, бұл гидронимді халықтың атымен де байланыстырған [15, 32-б.]. Сонымен қатар Чертовка, Чертыво, Чертановка, Чертовская сияқты гидронимдерге түсінік бере отырып, бұл атаулардың да жайдан-жай пайда болмағанына мысалдар келтіреді

Қорытынды

Қорытындылай келе, қазақ халқы географиялық нысандардың атауына *әулие, баба, алла* компоненттері арқылы рухани тазару, денсаулықты жақсарту, өркендеу үшін қасиетті суды қолдана отырып, жоғары

күштерден амандық сұрап, бата-тілектерін жолдаса, *шайтан*, *сайтан* компоненттерін қолдана отырып табиғаты көркем жерлердің сұлулығын сақтап қалу мақсатында қолданған. Қазақ халқының антологиялық табиғатын, көп қырлы ерекшеліктерін, дүниетанымын тек қана тілдік, табиғи-географиялық тұрғыдан ғана емес, киелілік, наным-сенім, діни көзқарастарын мифологиялық, лингвокогнитивті тұрғыдан, антропоэзектік парадигма аясында қарастырудың маңызы зор. Әлемді тіл арқылы таныса, тілдегі атаулар арқылы сол халықтың ментальды болмысын, салт-санасын, тыныс-тіршілігін тануға болады. Әрбір атау – көнеден хабар бере алатын баға жетпес тарихи мұра. Кез келген географиялық объектіге атау белгілі бір мақсатпен берілген. Демек, жер-су атауларын зерттеудің басқа тілдік категориялардан айырмашылығы – олардың терең тарихи, лингвокогнитивті, лингвомәдени сипатында болып келеді.

Пайдаланылған деректер тізімі

1 **Қайдар, Ә.** Қазақ тілінің өзекті мәселелері: Актуальные вопросы казахского языка [Мәтін]. – Алматы : Ана тілі, 1998. 304 б.

2 **Мәдиева, Г. Б., Иманбердиева, С. Қ.** Ономастика: зерттеу мәселелері [Мәтін]. – Алматы : Атамұра, 2005. 240 б.

3 **Жүнісов, Д.** Өзен-көл атаулары [Мәтін]. – Алматы : Қазақстан, 1991. – 128 б.

4 **Жанұзақ, Т.** Жер-су атаулары (этимологиялық анықтамалық) [Мәтін]. – Алматы : Өнер, 2011. – 496 б.

5 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі [Мәтін]. – Алматы : Ғылым, 1979. – 1-том. – 651 б.

6 **Бияров, Б.** Жер-су аттарының сөзжасамдық үлгілері : монография [Мәтін]. – Алматы : Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2012. – 460 б.

7 **Қондыбай, С.** Байырғы қазақ дүниетанымының негіздері. Энциклопедиялық басылым [Мәтін]. – Алматы : Қазақ тілі баспасы, 2018. – 480 б.

8 **Манджиева, Э. Б., Кичикова, Н. А.** Сакральное значение топонимов Республики Калмыкия с компонентами «аршан», «цаган» и «хар»: лингвокультурологический аспект [Текст]. // Известия Волгоградского государственного педагогического университета. Серия : Филологические науки. – № 7 (111). – Волгоград: издательство ВГСПУ «Перемена», 2016. – С. 105-109.

9 **William, Back.** Hydromythology and ethnohydrology in the new world. // Water Resources Research, 1981.

10 **Aitana, Martos García. Ana, Bravo Gaviro.** «Hydromythology and legends about natural phenomena». // Revista Iberoamericana de Ciencia, Tecnología y Sociedad – CTS, Vol. 12. – 2017. [Electronic resource]. – <https://www.redalyc.org/journal/924/92452928009/html/>

11 **Басик, С. Н.** Общая топонимика [Текст]. – Минск : БГУ, 2008. – 168 с.

12 **Қасым, Б.** Күрделі аталым жасалымы : когнитивті-дискурстық ұстаным [Мәтін]. – Алматы : «ЖК Волкова А. В.» баспасы, 2010. – 383 б.

13 **Жұбанов, Қ.** Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер [Мәтін]. Алматы : Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2010. – 608 б.

14 **Левшин, А. И.** Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких орд и степей (под общей редакцией академика М.К.Козыбаева) [Текст]. – Алматы : Санат, 1996. – 656 с.

15 **Виноградов, А. В.** Гидронимы на мифологической основе [Текст]. // Научное обозрение. Биологические науки. – 2017. – № 3. – С. 14–36.

References

1 **Qaidar, Ä.** Qazaq tiliniñ özekti мәseleleri: Aktuälnye voprosy kazahskogo iazyka [Actual problems of the Kazakh language] [Text]. – Almaty : Ana tılı, 1998. – 304 p.

2 **Mädieva, G. B., İmanberdieva, S. Q.** Onomastika : zertteu мәseleleri [Onomastics: research problems] [Text]. – Almaty : Atamūra, 2005. – 240 p.

3 **Jünisov, D.** Özen-köl ataulary [River-lake names] [Text]. – Almaty : Qazaqstan, 1991. – 128 p.

4 **Janūzaq, T.** Jer-su ataulary (etimologialyq anyqtamalyq) [Place and water names (etymological reference)] [Text]. – Almaty : Öner, 2011. – 496 p.

5 Qazaq tiliniñ tüsindirme sözdığı [Explanatory dictionary of the Kazakh language] [Text]. – Almaty : Ğylym, 1979. – 1-tom., – 651 p.

6 **Biarov, B.** Jer-su attarynyñ sözjasamdyq ülgileri: monografia [Word formation patterns of Earth and water names: monograph] [Text]. – Almaty : Memlekettik tildi damytu instituty, 2012. – 460 p.

7 **Qondybai, S.** Baiyrғы qazaq dünüetanyminyñ negızderi. Ensiklopedialyq basylym [Fundamentals of the indigenous Kazakh worldview. Encyclopedic edition] [Text]. – Almaty : Qazaq tılı baspasy, 2018. – 480 p.

8 **Manjjeva, E. B., Kichikova, N. A.** Sakrälnoe znachenie toponimov Respubliki Kalmykia s komponentami «arşan», «sagan» i «har» : lingvokülturologicheski aspekt [The sacred meaning of the toponyms of the Republic of Kalmykia with the components «arshan», «tsagan» and «khar»: linguistic and cultural aspect] [Text]. // İzvestia Volgogradskogo gosudarstvennogo pedagogičeskogo universiteta.

Seria: Filologicheskie nauki. – № 7(111). – Volgograd : izdatelstvo VGSPU «Peremena», 2016. – 105–109 p.

9 **William, Back.** Hydromythology and ethnohydrology in the new world. Water Resources Research, 1981

10 **Aitana, Martos García. Ana, Bravo Gaviro.** «Hydromythology and legends about natural phenomena». Revista Iberoamericana de Ciencia, Tecnología y Sociedad – CTS, vol. 12. – 2017. [Electronic resource]. – <https://www.redalyc.org/journal/924/92452928009/html/>

11 **Basik, S. N.** Obşaia toponimika [General toponymy] [Text]. – Minsk : BGU, 2008. – 168 p.

12 **Qasym, B.** Kürdeli atalym jasalymy: kognitivti-diskurstyq ūstanym [Complex title construction : the cognitive-discursive stance] [Text]. – Almaty : «JK Volkova A. V.» baspasy, 2010. – 383 p.

13 **Jūbanov, Q.** Qazaq tılı jönindegi zertteuler [Research on the Kazakh language] [Text]. – Almaty : Memlekettik tıldı damytu instituty, 2010. – 608 p.

14 **Levsin, A. İ.** Opisanie kirgiz-kazachih, ili kirgiz-kaisaskih ord i stepi (pod obşei redaktsiei akademika M.K.Kozybaeva) [Description of the Kirghiz-Cossack, or Kirghiz-Kaysak hordes and steppes (under the general editorship of academician M.K.Kozybaev)] [Text]. – Almaty : Sanat, 1996. – 656 p.

15 **Vinogradov, A. V.** Gidronimy na mifologicheskoi osnove [Hydronyms on a mythological basis] [Text]. // Nauchnoe obozrenie. Biologicheskie nauki. – 2017. – № 3. – 14–36 p.

10.09.24 ж. баспаға түсті.

13.01.25 ж. түзетулерімен түсті.

17.02.25 ж. басып шығаруға қабылданды.

**А. К. Даутқұлова¹, М. С. Атабаева², Ж. К. Отарбекова³, Г. Ақтай⁴*

¹Атырауский университет Х. Досмухамедова,

Республика Казахстан, Атырау;

^{2,3}Казахский национальный женский педагогический университет,

Республика Казахстан, Алматы;

⁴Университет имени Адама Мицкевича,

Республика Польша, Познань

Поступило в редакцию 10.09.24.

Поступило с исправлениями 13.01.25.

Принято в печать 17.02.25.

НАРОДНАЯ МАГИЯ И АНИМИСТИЧЕСКИЕ БЕРОВАНИЯ В КАЗАХСКИХ ГИДРОНИМАХ

В статье широко рассматриваются ментальная природа человечества, когнитивное сознание, магические и анимистические представления народа на основе гидронимов, сочетающихся со словами әулие (святой), әулиелік (святость), алла (аллаһ), баба (предок), ата (дед), шайтан (черт). В качестве материала исследования рассматриваются казахские гидронимы (наименования рек, озер, родников, источников, колодцев) сакрального, магического, святого, религиозного характера. В ходе исследования установлено количество рек Казахстана с указанными словами, включенные в официальный список. Для определения понятий и направлений, связанных с проблемой исследования, были использованы методы анализа трудов, эксперт, анализ и синтез собранных данных, методы когнитивного анализа, методы статистической лингвистики.

В ходе статистического анализа было установлено 98 наименований рек, имеющих сакральный, магический характер в связи с понятиями святой, предок, дед, ребенок, девушка, Аллаһ. Стало известно, что слово шайтан не встречается в наименованиях рек, оно произносится только в связи с озерами, колодцами, родниками. Как показывают результаты исследования, одинаковое возникновение названий географических объектов, в том числе гидронимов, связанных с культом святости в разных частях Казахстана, свидетельствует о том, что исламская религия распространялась с одного центра и возникла из одного духовного источника. Семантика гидронимов с таким сакральным символом термина «святой» имеет мифологический, сакральный мотив, имплицитно показывает границу между реальным и потусторонним миром. Гидронимы со словами «предок», «дед», «отец» и «ребенок» показывают семейные ценности. Определено, что причиной множества имен, связанных с сатаной, является удаленность объекта, трудный и опасный характер дороги, а также они так названы с целью защиты земли и сохранения ее природы.

Ключевые слова: гидроним, сакральность, магия, лингвокогнитивный, ментальность, табу, тенгризм.

*A. K. Dautkulova¹, M. S. Atabayeva², Zh. K. Otarbekova³, G. Aqtay⁴

¹Kh. Dosmukhamedov Atyrau University,
Republic of Kazakhstan, Atyrau;

^{2,3}Kazakh National Women's
Teacher Training University,
Republic of Kazakhstan, Almaty;

⁴Adam Mickiewicz University, Poland, Poznan

Received 10.09.24.

Received in revised form 13.01.25.

Accepted for publication 17.02.25.

FOLK MAGIC AND ANIMISTIC BELIEFS IN KAZAKH HYDRONYMS

The article considers the connection of holy, sacred words and concepts with water in the consciousness of the Kazakh people according to animistic, magical and shamanic beliefs on the basis of hydronyms combined with the words aulie (saint), aulielik (holiness), Alla (Allah), baba (ancestor), ata (grandfather), shaitan (devil). To define concepts and directions related to the problem of research, methods of analysis of works, expert, analysis and synthesis of collected data, methods of cognitive analysis, methods of statistical linguistics were used.

During the statistical analysis, 98 names of rivers were identified that have a sacred, magical character in connection with the concepts of saint, ancestor, grandfather, child, girl, Allah. It became known that the word shaitan is not found in the names of rivers, it is pronounced only in connection with lakes, wells, springs. The identical occurrence of names of hydronyms associated with the cult of holiness in different parts of Kazakhstan, indicates that the Islamic religion spread from one center and originated from one spiritual source. The semantics of hydronyms with such a sacred symbol of the term «saint» has a mythological, sacred motive, implicitly shows the boundary between the real and the other world. The hydronyms with the words «ancesto», «grandfather», «father» and «child» show family values. It is determined that the reason for the many names associated with satan is the remoteness of the object, the difficult and dangerous nature of the road, and they are so named in order to protect the earth and preserve its nature.

Key words: hydronym, sacredness, magic, linguocognitive, mentality, taboo, tengrism

Теруге 17.02.2025 ж. жіберілді. Басуға 28.03.2025 ж. қол қойылды.
Электронды баспа
4,76 МБ RAM
Шартты баспа табағы 30,73. Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.
Компьютерде беттеген: А. К. Темиргалинова
Корректор: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас
Тапсырыс № 4350

Сдано в набор 17.02.2025 г. Подписано в печать 28.03.2025 г.
Электронное издание
4,76 МБ RAM
Усл. печ. л. 30,73. Тираж 300 экз. Цена договорная.
Компьютерная верстка: А. К. Темиргалинова
Корректор: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас
Заказ № 4350

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған
Торайғыров университеті
140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы
Торайғыров университеті
140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.
67-36-69
e-mail: kereku@tou.edu.kz
www.vestnik.tou.edu.kz